9 Дәріс. Экономика, жаһандану және еңбек. Популяция, урбанизация және әлеуметтік қозғалыстар

1. Нарыққа өту кезеңінде экономикалық саланы зерттеу әлеуметтанудың маңыздылығы
2. Әлеуметтанудағы Жаһандану және еңбек
3. Популяция, урбанизация және әлеуметтік қозғалыстардың ерекшеліктері

Нарыққа өту кезеңінде экономикалық саланы зерттеу әлеуметтанудың маңызды объектісінің біріне айналды. Экономикалық әлеуметтану жеке ғылыми пән ретінде 20-ғасырдың ортасында АҚШ-та пайда болды, өндірістік қатынастарға экономикалық факторлармен қатар адам факторы да әсер ететіндігін қарастырады. Экономикалық теория көп жағдайда материалдық, қаржылық, ақпараттық ресурстардың дайын өнім мен қызметке айналу қатынастарын зерттейді. Әлеуметтану өз кезегінде тікелей адамның іс-әрекетіне және әлеуметтік байланыстарға көбірек көңіл бөледі. Экономика екі ғылымның да зерттеу объектісі болып табылады, алайда әрбір пән экономикалық құбылыстарды зерттеп-білуде өз көзқарастарын ұсынып, әр түрлі міндеттер қояды, мәліметтерді жинау мен талдауда өз әдістерін қолданады.

Экономика саласындағы әлеуметтанудың зерттеу аясы төмендегідей:

- экономикалық институттардың (жеке меншіктің, айырбастың, келісім-шарт қатынастарының, ақшаның, қаржы нарығының) эволюциясы
- Қоғамның экономикалық және кәсіби стратификация мен икемділік, экономикалық теңсіздік, кедейшілік және байлық проблемалары
- Әлеуметтік қатынастар мен адамдардың экономикалық қимыл-әрекеттерінің әр түрлі типтерінің қалыптасуы
- Адамдардың еңбек нарығындағы әрекеті, өндіріс және формальді емес экономика саласындағы еңбек әрекеті
- Экономикалық сана мен ойдың дамуы (құндылықтар, таптаурындар, мінез-құлық үлгілері)
- Экономикалық ұйымдардың құрылымы
- Кәсіпкерлік және бизнес нысанының әлеуметтануы
- Өндірістің, бөлудің, айырбас пен тұтынудың т.б. әлеуметтік-экономикалық механизмдері.

Экономикалық әлеуметтану экономиканың әлеуметтік аспектілерін зерттейтін ғылым болғандықтан, экономикалық және әлеуметтік ұғымдарды анықтап алу қажет. «Әлеуметтік» дегенде, сол қоғамдағы жеке адамдар мен топтардың нақты орны мен уақыты жағдайында ортақ іс-әрекет процесінде топтасқан қоғамдық қатынастардың жиынтығы түсіндіріледі. «Экономикалық» деген ұғым адамдар арасындағы өндірісті ұйымдастыру мен материалдық игіліктерді тұтынумен байланысты қандай да бір қоғамдық қатынастарды білдіреді. Экономика өндірісті, еңбек нәтижелерін алмастыруды, өндірілген нәрсені таратуды, тұтынуды қамтиды.

Экономикалық әлеуметтану сонымен қатар кәсіпкерлік пен қызмет көрсету саласын зерттейді. Біз дәріс барысында кәсіпкерлік пен қызмет көрсетуге кеңінен тоқталамыз.

Қызмет көрсету саласы - бұл кәсіпорындардың жиынтығы, ұйым жене өндіріс орындайтын басқару органдарының үлестірілу, сақтау және тауардың өтуін және әлеуметтік - мәдени ақпараттық тағайындау қызметтерінің тұтынуын қамтамасыз ету арқылы материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, рухани (мәдени) және ақпараттық қажеттіліктер арқылы тұрғынның тіршілік әрекетінің қолайлы жағдайларын жасау болып табылады.

Қызмет көрсету саласының мақсаты - адамдардың рухани өмірін байыту және әлеуметтік-мәдени жағдайлар жасау.

- Қызмет көрсету дегеніміз алуан түрлі қызмет түрлерін өндіру, өндірістік емес сала. Қызмет – өнімнің бір түрі.
- Қызмет көрсетудің субъектісі – ұйымдар, кәсіпорындар және жеке тұлғалар
- Қызмет көрсету саласының мақсаты - адамдардың рухани өмірін байыту және әлеуметтік-мәдени жағдайлар жасау
- Қызмет көрсету саласы – қоғам дамуының көрсеткіші
- Ғылымда қызмет көрсету саласы постиндустриалды қоғамның бір көрінісі ретінде қарастырылады
- Дамыған елдерде қызмет көрсету саласынан түскен табыс ІЖӨ-нің 80-85% құрайды
- Қызмет көрсету саласы экономиканың негізгі тармағы, тегін және ақылы қызметтердің барлық түрін қамтиды
- Қызмет көрсету саласы экономикада маңызды орынға ие. Қызмет көрсету саласын экономикада үшінші сектор деп атайды

Қызмет көрсету саласының дамуы:

- Мемлекеттің экономикалық даму деңгейіне
- Халықтың тұтыну көрсеткіштеріне
- Азаматтардың жеке кірістеріне байланысты

Кәсіпкерлік іс-әрекет – тәуекелге бел буып жасалынатын экономикалық әрекет, тауарларды өндіру және сатудан, іс-шарадан, көрсетілген қызметтерден, істелген жұмыстардан жүйелі пайда алуға бағытталған дербес қызмет.Кәсіпкер – кәсіпкерлік іс-әрекетпен, бизнеспен айналысушы адам. Кәсіпкерлік теорияларын активті және пассивті теориялар деп екі топқа жіктейміз. Пассивті топқа Р.Кантильонның тәуекелдік теориясын жатқызамыз. Кәсіпкер, кәсіпкерлік ұғымдары 18-ғасырда пайда болды. Ұғымдарды ғылымға енгізген ағылшын экономисті, демограф **Ричард Кантильон**. «Сауда табиғаты туралы эссе» атты еңбегінде байлық пен оның бөлінуі, халықтың өсімі, ақша айналымы және қызмет көрсету мен кәсіпкерлік ұғымдарын қарастырған. Р.Кантильон: «Кәсіпкер – тәуекелге баратын адам», «Кәсіпкерлік – тәуекел іс, тәуекелге бару». Р.Кантильон экономикадағы тәуекелдік теориясының негізгі өкілі. **Адам Смит** (ағылшын экономисті, экономика ғылымының негізін қалаушы) Р.Кантильонның теориясын жалғастырған. «Халықтар байлығы» еңбегінде кәсіпкерліктің дамуы қызмет

көрсету нарығының дамуына алып келетінін, ал оның қоғамға дамуына, адам өмірінің сапалы болуына қосатын үлесінің мол екекндігін айтқан. **Израель Кирцнер** (американдық және австриялық экономист, (20-ғасыр)) кәсіпкерліктің неоавстриялық теориясының өкілі (активті теория). И.Кирцнер: кәсіпкерліктің экономикалық өсім үшін маңызы зор. Бәсеке – динамикалық процесс. Бәсеке - кәсіпкерліктің дамуына, сонымен бірге қоғамның дамуына әсер ететін құбылыс. Қызмет көрсету саласындағы бәсеке – қоғамды алға жетелейді. Кәсіпкерлік – экономикалық рационалды іс-әрекет. Қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік қоғамдық тепе-теңдікті ұстап тұрушы, қоғамда орта таптың көбеюіне әсер етеді.

Йозеф Шумпетер (американдық және австриялық экономист, әлеуметтанушы (20-ғасыр)), кәсіпкерліктің инновациялар теориясының негізін қалаушы (активті теория). Й.Шумпетер: кәсіпкер – инновациялық саясатты іске асырушы. Кәсіпкер – новатор. Егер ол пайда табу мүмкіндігін көріп тұрса, жаңа өнімдерді шығарады. Кәсіпкер – жаңа өнім, жаңа қызмет түрін шығарушы.

Инновация – қоғам дамуының қайнар көзі. Й.Шумпетер инновацияның 5 түрін көрсеткен:

1. Жаңа өнім, ол жаңа бір қызмет түрі болуы да мүмкін. Ғылыми жаңалық болуы да мүмкін
2. Өндірісті басқарудың жаңа бір әдісін енгізу
3. Нарықтың жаңа түрін енгізу
4. Жаңа шикізат көзін ашу
5. Адамдарды басқарудың жаңа әдісін енгізу.

Инновациялық іс-әрекет – кәсіпкердің еңбегінің жемісі, кәсіпкердің атқаратын қызметі.

Әлеуметтану ғылымында **М.Вебердің** (неміс экономисті, әлеуметтанушы, әлеуметтану ғылымының негізін қалаушылардың бірі) кәсіпкерлік туралы ойлары құнды.

«Протестант этикасы және капитализм рухы» еңбегінде маңызды деген діндерге салыстырмалы талдау жасап, діни наным-сенімнің экономикалық жағдай мен әлеуметтік факторларға әсерін сипаттаған. Сондай-ақ бұл еңбекте капитализмнің пайда болу себептері талданған. Стаистикалық деректерге сүйене отырып протестантизм мен католикті ұстанатындарды салыстырған: ірі капитал иелері, кәсіпкерлер, жоғары білікті жұмысшылар көбінесе протестантизмді ұстанушылар. Бұл екі дінді ұстанушылардың алған білімінде де айырмашылықтар бар. Католиктер көбінесе гуманитарийлер болса, протестанттар – техникалық ғылымды меңгерген. Бұл жағдайды бала кезде алған тәрбиемен байланыстырады. Адамның өскен ортасы оның бойында белгілі-бір мінезді, ойлау жүйесін қалыптастырады. М.Вебердің осы ойларынан келіп рационалды таңдау теориясы пайда болған. Капитализмде ақша жинау, пайда табу басты құндылық.

Кәсіпкер – М.Вебердің түсінігінде рационалды, қажеттіліктері қарапайым, бастамашыл, еңбекқор адам. «Кәсіпкер – біріншіден, кәсіби борышын тыңғылықты атқаратын, екіншіден, өмірдің қызығына бой

алдырмайтын адам. Осы екі қасиет – байлықтың қайнар көзі. Кәсіпкер – батыс европалық мәдениет пен менталитетті бойына сіңірген адам. Кәсіпкер – өз уақытын үнемдей білетін адам (рационалды тип)» деп сипаттайды М.Вебер кәсіпкерді. Қазіргі заманғытайм-менеджмент теориясының біраз постулаттары М.Вебердің еңбектерінен алынған.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – қоғамда қалыптасқан әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған бизнес түрі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік – бұл экономикалық тиімділікке қол жеткізу мен кәсіпкерлік жаңашылдықты әлеуметтік миссиямен біріктіретін әлеуметтік қызметті жүзеге асыру тәсілі.

Төртінші өнеркәсіптік төңкеріс жаңа өркениетке «әлеуметтік кәсіпкерлік» ұғымын ала келді.

Классикалық коммерциямен салыстырғанда әлеуметтік кәсіпкерліктің өзіндік ерекшеліктері бар.

Әлеуметтік кәсіпкерлік жаңа заманда бұрыннан келе жатқан әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешудің бір жолы.

«Әлеуметтік инфрақұрылым, кедейлікпен күрес және білім беру саласын дамыту үшін мемлекеттік бағдарламаға қарап отыра беруге болмайды. Әлеуметтік кәсіпкерлік дегеніміз – бизнестен тек пайда табу ғана емес, сонымен қатар адамзаттың әлеуметтік проблемаларын шешу үшін жұмыс істеу», — дейді Клаус Шваб.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізін қалаушы XX ғасыр басында өмір күрген өнертапқыш, инноватор, әрі кәсіпкер Генри Форд. Фордтың XX ғасырдың басында шығарған көліктері елдегі ірі бизнестің үлгісіне айналып қана қоймай, елдің сол кездегі әлеуметтік проблемаларына шешім тапты.

Төртінші өнеркәсіптік төңкерісте үкіметтің кейбір функциялары бизнестің қолына өтеді. Ол екі түрлі жолмен жүзеге аспақ: біріншісі, әлеуметтік проблемалардың коммерциялануы. Қоғамдағы кез келген мәселе, шешу жолын таба білген адамға бизнестің көзіне айналмақ. Ол үшін ең бастысы қажетті технологияның болуы. Ауыз су проблемасы, таза ауа мәселесі, білім беру саласы да ебін таба алған адамға тек қоғамдағы әлеуметтік мәселе емес, сонымен қатар бизнес жасайтын мүмкіндік.

Екінші жол – заңмен мәжбүрлеу. Бұл әсіресе, ірі трансұлттық компанияларға қатысты (мысалы, салық саясатын қолдану).